

6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылған  
**Абдрахманова Зинат Батырхановнаның**  
**«Еңбекке қабілетті жастағы тұрғындар арасында әлеуметтік-  
экономикалық дағдарыс жағдайындағы өндірістен тыс  
жарақаттылықтың таралу заңдылықтары мен оның алдын алу  
шараларын жетілдірудің ғылыми негіздері (ОҚО мысалында)»**  
диссертациялық жұмысының

### **АННОТАЦИЯСЫ**

**Зерттеудің өзектілігі:** Заманауи қоғамдық денсаулық сақтау ғылымы мен тәжірибесінің өзекті медициналық-әлеуметтік мәселелерінің ең бастысы болып жұмысқа қабілетті тұрғындар арасындағы жарақаттанумен оның асқынуынан туындайтын аурулар есептеледі. Талқыланып отырған мәселе біздің мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайын сипаттайтын кәрсеткіш деп есептеуге болады. Өндірістен тыс туындайтын жарақаттардан аурушандық, мүгедек және әлім кәрсеткіштерінің деңгейін үнемі жоғары деңгейде қалыптастырады. Сол себептен өндірістен тыс жарақаттану мен улану оқиғаларының алдын алу шаралары тұрғындардың орташа өмір сүру жасын ұзартудың және денсаулығын сақтаудың басты кілті болып табылады .

Өндірістен тыс жарақаттануға байланысты науқастарды емдеуге кеткен қаржылай шығынның көлемі мен экономикалық шығындардың деңгейін есепке алсақ қазіргі күннің аса өзекті мәселелерінің қатарына жарақаттануды жатқызуға болады. Еңбекке қабілетті жастағы тұрғындар арасындағы сырқаттанушылық, мүгедектік және әлім-жітім оқиғалары әлеуметтік топтарға қарағанда айтарлықтай жоғары. Айта кететін жағдай, жол-көлік және тұрмыстық жарақаттар салдарынан туындайтын аурушандық, мүгедектік және әлім оқиғалары саны жыл сайын 1,5 – 2% өсу үстінде. 2015 - 2017 жылдардағы философия докторы А.М.Бөлешованың өзге авторлармен бірігіп жасаған ғылыми еңбектерінде тұрмыстық жарақаттылықтың өсу үстінде екендігін кәрсетті.

Жарақаттану тұрғындар денсаулығының негізгі аурушандық кәрсеткіштеріне қуатты әсер етеді. Олардың еңбекке қабілеттілігін тұрақты және уақытша жоғалтуға және мүгедектік пен әлім-жітім шығындарын ұлғайтады.

Денсаулық сақтау ісін басқару жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасындағы тұрғындар денсаулығының қалыптасу ерекшеліктеріне ерекше көңіл бөлінуде. Халықтың саны 3 миллионға жуық Оңтүстік Қазақстан облысы мен Шымкент қаласының өзіндік демографиялық, әлеуметтік, экономикалық сипаты бар және тұрғындардың денсаулық кәрсеткіштерінде айтарлықтай айырмашылықтары бар әкімшілік басқару аймақтары бар. Оңтүстік Қазақстан облысы тұрғындарының денсаулығына әсер ететін әлеуметтік-гигиеналық қарама-қайшылықтары бар. Сонымен қатар денсаулықты

қорғау жағдайы мен мамандандырылған медициналық жәрдемнің қолжетімділігі әртүрлі дәрежедегі аймақтардан тұрады.

**Зерттеу мақсаты.** Әлеуметтік-медициналық сараптама негізінде ОҚО (Түркістан) еңбекке қабілетті тұрғындар арасындағы әндірістен тыс жарақаттылық себептерін ғылыми тұрғыда негіздеп, оның алдын алуын шаралар кешенін жасау.

**Зерттеу міндеттері:**

1. Ауыл тұрғындарының тұрмыстық жарақатқа ұшырауынан туындайтын сырқаттылық және мүгедектік кәрсеткіштерінің жастық-жыныстық, әлеуметтік және нозологиялық түрлерінің қалыптасу ерекшеліктерін анықтау.

2. Тұрмыстық жарақаттардан әлімге алып келетін себептердің таралу деңгейін, әлім кәрсеткішінің гендерлік - жастық топтардағы қалыптасу ерекшеліктерін анықтау.

3. Тұрмыстық жарақаттардан зардап шеккендердің диагнозын кеш анықтау себебі мен салдарын сараптау.

4. Салауатсыз әмір сүру салты мен қатерлі тұрмыстық себептердің жарақаттардан туындайтын сырқаттылық кәрсеткішімен байланыстарын анықтау.

5. Тұрғындардың әндірістен тыс жарақаттарының деңгейін төмендетуге бағытталған медициналық-ұйымдастырушылық шараларды жетілдіру.

**Зерттеу әдістері:** Медициналық –статистикалық, соцологиялық, сараптамалық әдістерді қолдандық.

**Зерттеу материалдары:** ОҚО тұрғындарының амбулаторлық-емханалық ұйымдардың амбулаторлық карталарын және стационардағы травматологиялық бәлім науқастарының ауру тарихтарында тіркелген әрбір тұрмыстық жарақат алу оқиғасы мен емханалық ұйымдардың ресми есеп беру құжаттары, сауалнама материалдары.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы.**

- ОҚО (Түркістан) ауыл тұрғындарының арасындағы әндірістен тыс жарақаттардың қалыптасу ерекшеліктері мен таралу деңгейі анықталады және жарақат салдарынан зардап шеккен тұрғындарға медициналық – әлеуметтік тұрғыдан кешенді сараптама жүргізіледі.

- Жарақаттылық себептерінің ересек еңбек ету жасындағы тұрғындардың уақытша еңбекке жарамсыздық кәрсеткіштерінің қалыптасуына тигізетін әсері зерттеліп, жыныс, жас мәлшері мен әлеуметтік жағдайы әртүрлі тұрғындардың тірек-қозғалыс жүйесі жарақаттану ерекшеліктері анықталады.

- Жарақаттылық динамикасын төмендету және медициналық кәмекті жетілдіру жәніндегі ұсыныстар беріледі.

**Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы**

Зерттеу нәтежесінде еңбекке қабілетті ересек тұрғындар арасындағы жарақат алудың негізгі себептері анықталып, тұрғындардың арасындағы жарақаттылықтың алдын алуды және жарақаттану барысында алғашқы

көмек көрсетуді жетілдіру бойынша ғылыми дәлелді нұсқаулар жасауға мүмкіндік берді.

### **Қорғауға ұсынылған негізгі қағидалар**

1. Әндірістен тыс жарақаттар еңбек ету жасындағы ауыл тұрғындарының орташа өмір сүру ұзақтығын төмендететін негізгі қатерлі себептердің қатарына жатады. Оның бұл топтағы тұрғындар арасындағы таралу деңгейі 54,2‰. Ал бұл көрсеткіштің ең жоғарғы деңгейі 30-39 жастағы ер кісілерде анықталса, оның ең жоғарғы гендерлік айырмашылығы 50-59 жастағы ер кісілер арасында орын алған (124,24%). Тұрмыстық жарақаттардан туындайтын мүгедектіктің деңгейі 22,92‰, ал өлім көрсеткіші 196,2‰ дейін жетті.

2. Мүгедектік көрсеткішінің деңгейі 2010-2017 жылдар арасында біршама (жыл сайын орта есеппен алғанда 0,0625‰) төмендесе, өлім көрсеткіштерінің осы топтағылар арасындағы көп жылдық динамикасы баяу ұлғаю үстінде екендігі анықталды (жыл сайын орта есеппен алғанда 0,07‰). Анықталған заңдылықтардың негізгі себебі жарақаттанғандарға уақтысында білікті және сапалы травматологиялық - ортопедиялық көмек көрсетілмейді. Сондықтан жарақаттардың стационарға жетпей немесе стационарда өлімге ұшырайды. Әндірістен тыс жарақаттардан еңбек ету жасындағы ер кісілердің өлім көрсеткіші әйелдердің арасында қалыптасқан өлімнен екі есеге жоғары. Оның негізгі себептеріне алкогольдік ішімдікке салыну, мас күйінде жол - көлік апатына ұшырау, өзіне өзі қол салу, суға кетіп тұншығу, үсіктер жатады.

3. Аудандық ауруханада жарақаттанғандарға көрсетілетін оперативтік хирургиялық көмек бүгінгі күннің талабына сай емес және білікті травматологиялық ортопедиялық көмекке сұраныс тек 23,9%-ға қамтамасыз етіледі.

4. Анықталған заңдылықтар ауыл тұрғындарының жарақаттануының алдын алуға арналған профилактикалық бағдарламаны құрастыруға негіз болды.

### **Ғылыми зерттеу нәтижелерін енгізу:**

Диссертациялық ғылыми жұмыстың негізгі нәтижелері, ОҚО мен Шымкент қаласының емханаларында, әндірістік емес жарақаттардың профилактикасы мен мамандандырылған медициналық көмекті ұйымдастыруды жетілдіру туралы оқу құралы тәжірибеде қолдану үшін ұсынылады.

### **Диссертациялық жұмыс бойынша баспаға жарияланған басылымдар.**

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы бойынша 15 ғылыми еңбек жарық көрді:

- 2 мақала «Human Ecology» (импакт фактор 0,31) және Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық журналда.
- 3 мақала халықаралық ғылыми –тәжірибиелік конференция материалдарында
- 2 мақала отандық ғылыми басылымдарда

- 2 мақала шетелдік ғылыми-тәжірбиелік конференция материалдарында

- 5 мақала Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналда.

Диссертациялық жұмыстың нәтежелері бойынша 1 оқу құралы жазылды

